

## СЕКЦИЯ -2

### ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ САЯСИ АХУАЛЫ

#### ЖАС ҰРПАҚТЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

**КӨКШЕЕВА З.Т.**

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің «Педагогика және психология» кафедрасының доценті,  
педагогика ғылымдарының кандидаты*

Жеткіншектердің патриоттық тәрбиесі - педагогикадағы аса бір күрделі де көпжақты проблема. Тарихи дамудың объективті ерекшеліктері әртүрлі кезеңдердегі педагогикалық процесте өзгеріске түсе отырып патриоттық тәрбиенің мазмұнын, оның оқу-тәрбие процесіндегі рөлі мен орнын анықтады, міндеттерін нақтылады. Патриотизм, патриоттық тәрбие мәселелері бойынша жарық көрген философиялық және педагогикалық әдебиеттерді, мерзімді педагогикалық басылымдарды, ғылыми еңбектерді зерттеу, мектеп пен педагогика тарихында жеткіншектерді патриотизм мен интернационализм рухында тәрбиелеуде айтарлықтай тәжірибе жинақталғанын көрсетеді. Оқушы жастардың патриоттық тәрбиесінің теориясына А.В.Луначарский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинскийлер елеулі үлес қосса, жастардың идеялық тәрбиесінің теориясы мен практикасын Н.И.Болдыревтың, Б.Т.Лихачевтың, И.С.Марьенконың М.А.Терентийдің, В.Ф.Фарфоровскийдің және т.б.ғалымдардың еңбектері айтарлықтай толықтырады.

Бүгінгі таңда жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің мазмұны көптеген ғалымдардың зерттеу пәні болып табылады. Олар «патриотизм» ұғымының пайда болуы мен дамуын, адамның патриоттық санасын және патриотизмге тәрбиелеудің формалары мен әдістерін қарастырады. Қазіргі философиялық, саяси және педагогикалық әдебиеттерде «патриотизм» (грек тілінде patris – Отан, Отанға деген сүйіспеншілік, өз халқына деген сүйіспеншілік деп түсіндірілсе, үлкен энциклопедияда, «патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, оған берілгендік, өзінің әрекеттерімен оның мүддесі үшін қызмет етуге ұмтылу» деп анықтама беріледі. Қазіргі таңдағы философиялық және педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдау, патриотизм тұлғаның интегралдық және адамгершілік қасиеті ретінде қарастырылады деп

дәлелдейді. *Патриотизм ұғымының құрылымы* эмоционалдық-сезімдік, саналылық (интеллектуалдық) және мінез-құлықтық (әрекеттілік) бағыттардың органикалық бірлігінде көрінеді. «*Тірі пайымдаудан абстрактылы ойлауға және одан тәжірибеге*» деген тарихи қағидаға сүйене отырып, патриотизмге тәрбиелеу адамның басқа адамдармен қарым-қатынас процесінде алған білімінің, өмірлік тәжірибесінің негізінде жүзеге асырылады деуге болады. Қоғамның түрлі даму кезеңдерінде патриотизм түрлі мазмұнда болады, өйткені ол өзгеріске түсіп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен айқындалады. Мысалы, патриотизмнің алғашқы белгісі алғашқы қауымдық қоғамда ру, тайпа мүшелерінің арасындағы туыстық байланыс сезімінде қаланып, ежелгі халықтардың патриотизмі жерге, туған табиғатқа, әдет – ғұрыпқа белсенді, жағымды қарым – қатынаста көрініс алды. Халықтың түпкі ұлттық мүддесін дәріптеуші, өз отанының нағыз қорғаушысы *пролетариат* болғанын тарих дәлелдейді, өйткені қоғамның барлық байлығы соның еңбегімен, көптеген ұрпақтардың ерлігімен, еңбегімен жасалған.

Қазақстан республикасының Егемендігі жағдайында «*қазақстандық патриотизм*» ұғымы нығайған рухани-саяси фактор ретінде, мемлекет саясаты мен идеологиясының жаңа парадигмасы ретінде қарастырылатын ерекше құнды мәнге ие болуда. Еліміздің тәуелсіздікке қолы жетуіне байланысты соңғы жылдары халқымыздың көптеген ел бастаған көсемдері мен қол бастаған батырларының есімдерін дәріптеп, есімізде қалдыру мақсатында біршама істер жүзеге асырылуда. Осы орайда Ресей империясының қазақ даласын отарлау мақсатына қарсы XIX-ғасырдың екінші жартысында Маңғыстау түбегінде өткен Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбайұлы бастаған көтеріліс жайы қазіргі таңда қайтадан жаңғыртылып жатқаны біз сияқты бүгінгі ұрпақтарының шынайы патриоттық сезімін оятып, аталар рухына деген сүйіспеншілігін оятады. Сол 1870 жылдың көктемінде (22 наурыз) басталған Маңғыстау қазақтарының бұл көтерілісі – тарихи маңызы зор оқиғалардың бірі, дейтұрғанмен бұл көтеріліс кешегі өткен әміршілдік заманда дұрыс өз бағасын ала алмады. Осының салдарынан ғалымдар мен жазушылар да бұл тарихи шындықты жұртшылыққа таныстырып жаза алмады. Тек ішінара ғалым Қ.Сыдықовтың «Ақын-жыраулар»(Алматы,1974ж), жазушы Ә.Кекілбаевтың «Ұйқыдағы арудың оянуы»(Алматы,1979ж), М.Тұрсынованың «XIX-ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары»(Алматы,1977ж) атты кітаптарында сол әміршілдік заманның өзінде көтеріліс жайлы біршама құнды деректер келтірілді. Кейінірек Иса, Досан бастаған патша отарлаушыларына қарсы күрес жайлы материалдар көбейе бастады. Мысалы, Е.Жаманбайұлы мен

С.Әділханұлының «Маңғыстау», «Егеменді Қазақстан» газеттерінде көлемді мақалалары, ақындар С.Назарбекұлы, Т.Медетбек, Е.Бөкенбаев, А.Өтегенов, Қ.Домбайұлы, К.Ыбыраев, Р.Қосбармақовтар батырлардың ерлігі жайлы тебіреніп өлеңдер шығарды. Тәуелсіздік үшін патша отарлаушыларына төрт жыл бойы күресуден бір тынбаған, ақырғы демі біткенше бас имей өткен, оларға қарсы күрес туын Маңғыстауда тұңғыш көтерген қас батырлар Досан мен Иса есімдері егемендік алып, елдігімізді біліп, еңсемізді көтеріп, етек-жеңімізді жиып, төрт құбыламызды түгендеп жатқан қазіргі кезеңде қадірлеп-қастерлеуге әбден лайық. Қорыта айтсақ, Досан мен Иса сияқты қайсарлық пен батырлықтың, табандылық пен төзімділіктің, ептілік пен өзгеге ұқсамайтын ерекше ерлік қасиеттің, аруақтылықтың, туған жерін, елін шексіз сүйетін адал жүректі азаматты, үлкен патриоттылықты бәрі-бәрін бір бастарына жинаған қас батырлардың есімі бүкіл қазақ халқы үшін де қадірменді ірі тұлғалардың қатарында және олар келешек ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда «Отан», «атамекен», «ел-жұрт», «азаматтық борыш», «ар-намыс», «адалдық пен әділдік», «ұлттық парыз» сияқты құндылықтар негіз болған. Мысалы, қазақ халқы туып өскен жерін, ата анасының жерленген жерін ерекше қадір тұтқан, қай жерде болмасын олардың басына келіп, құран оқытып, бата жасатып тұрған, мүмкіндігінше туған жерден кетпеуге тырысқан. Оны «Отан оттан да ыстық», «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақал-мәтелдерден – ақ көруге болады. Халық балалар мен жастарға өз Отанын, туған елін, халқын, ана тілін, салт-дәстүрін терең сөзіммен сүйе білуге баулыған. Әркімге өзінің туып-өскен жері қымбат болатынын «Ер елінде, гүл – жерінде», «Ел іші – алтын бесік», «Елінен безген ер оңбайды» деп ескертіп отырған. Отанға деген сүйіспеншілік арқылы адамның бойында патриоттық сезімді туындатқан, оның аясында азаматтық парыз, борыш көрініс алған. Ар-намыс деген қазақ халқының бойына сіңісті қасиет, ұлттық әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктің бір көрінісі, отансүйгіштіктің белгісі десе де болады.

Президент Н.Назарбаевтың республиканың әлеуметтік экономикалық перспективасын болжауға бағытталған «Қазақстан-2030» жолдауы қазақстандық патриотизмді орнықтыруға қолайлы жағдай жасайды. Президенттің стратегиясында қазақстандық патриотизм идеясы халықтың бірыңғай азаматтығын қалыптастырумен тығыз байланыста қарастырылады.

Бостандық пен тәуелсіздікті аңсаған халықтар сияқты, қазақ халқының да патриоттық сезімі аса айшықты дамыған және бұл сезімді халық ғасырлар бойы сақтап келген. Оны ежелгі түрік қағандығы кезінде тасқа жазылған Күлтегін ескерткіштерінен қазақ даласының ғұлама ойшылдарының (Әл-

Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари және т.б.) патриотизмдік сүйіспеншілікке толы мұраларынан, елінің тәуелсіздігі мен бостандығын жау шапқыншылығынан сақтап қалған, көрнекті мемлекет қайраткерлерінің (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Тәуке хан) патриотизмдік істерінен көруге болады. Ұлы ағартушылар: Шоқан, Ыбырай, Абай да өз шығармаларында туған еліне, Отанына өз сүйіспеншіліктерін көрсете білген. Ұлы Отан соғысы мен бейбіт өмірдегі «Желтоқсан» қозғалысының да рөлі ерекше болды. Бұның бәрі қазақ жастарының ұлттық намысының, патриоттық сана-сезімінің туған елге, Отанға деген сүйіспеншілігінің жоғары екенін дәлелдейді. Сонымен біз, «патриотизм» ұғымына берілген анықтамаларды негізге ала отырып, мынадай ой түйіндейміз, патриотизм – Отан, туған өлке, ғұлама адамдар туралы терең білімді адамның басқа адамдарға және олардың түрлі іс-әрекеттеріне, қоғамға, оның өткені мен бүгінгісіне, табиғатқа, мәдениетке, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыпқа деген көзқарасында көрінетін, патриоттық сезімдердің тығыз бірлігінде көрсетілетін күрделі әлеуметтік құбылыс. Бұл қоғам мүддесіне деген белсенді іс-әрекет, оған қауіп-қатер төнген кездегі оны қорғауға деген даярлық, Отан алдындағы борыш пен жауапкершілікті саналы түрде жете түсіну деп пайымдаймыз. Міне осы орайда, болашақ жеткіншек-жастарды кезінде елін жаудан қорғаған Досан, Иса сияқты ата-бабаларының ерлік істерін мақтан тұтатын, өз халқының өткені мен бүгінгі тарихын білетін, елін, жерін сүйетін патриоттық рухта тәрбиелеу - қазіргі заманның өзекті мәселесі болып табылады. Сөзімізді қорыта келе, төмендегідей ұсыныс жасағымыз келеді: жергілікті жердегі жалпыға білім беретін мектептің жоғарғы сынып оқушыларына, орта және ЖОО студенттеріне 1870-1873 жж. Маңғыстау қазақтарының көтерілісі және оны бастаған ержүрек батыр ата-бабаларымыз жайлы толығырақ мағлұмат берудің(дәріс, семинар, конференция т.б.) мүмкіндігі ойластырылса, олар осы аталған мекемелердің оқу-тәрбие жоспарларына кірістірілсе, осы тақырыпта түрлі мәдени шаралар ұйымдастырылса, бұл секілді игі шаралардың жеткіншек ұрпақты ерлікке, патриоттық рухта тәрбиелеуде ықпалы зор болады деп есептейміз.

## Әдебиеттер:

1. С.Әділханұлы. «Досан батыр», Ақтау, 1998ж
2. Қ.Сыдықов, «Ақын жыраулар», Алматы, 1974ж
3. М.Тұрсынова. «ХІХ-ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары», Алматы, 1977ж
4. Қ.Бержанов, Педагогика тарихы, Алматы, 1994ж
5. Ә.Кішібеков. «Мәдениеттану», Алматы, 1997ж.

*В данной статье рассказывается о борьбе и героизме наших предков на Мангистауской земле. Автор указывает на необходимость воспитания молодежи в духе патриотизма.*